

5-сынып. Қазақ тілі. БЖБ №1

1-бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Орындау 20 минут
уақыты:

Бөлім «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас»

Оқу мақсаты: 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру;
5.4.1.1. қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
✓ Мазмұнға сәйкес көтерілген мәселеге қатысты сұрақтарға жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді;
✓ Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Тапсырма

1. Сұрақтарға дұрыс жауап беріңіз. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша көтерілген мәселеге ойыңызды білдіріңіз.

1-мәтін бойынша сұрақтар:

- 1.Тілдің адам өміріндегі маңызы қандай?
- 2.Мемлекеттік тілді қалай дамытуға болады?

«Төрт сөйлем» әдісі

- а) Менің ойымша, ...
- ә) Себебі
- б) Мысалдар мен дәлел келтіру
- в) Қорытынды ой

2. Берілген сөйлемнен дыбыс пен әріп айырмашылығы бар сөздерді анықтаңыздар.

Анам маған дәптер, қаламсап, церкуль, сызғыш, пенал және альбом сатып әкеліп берді.

Сөйлемге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Тіл – адамзаттың барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді,

мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беру арқылы	1	Сұрақтарға жауап береді;	1
		Өз ойын білдіреді;	1
		Себебін айтады;	1

ой-пікірін білдіреді.		Дәлел келтіреді;	1
		Ойын қорытындылайды.	1
Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.	2	Дыбыстар мен әріптердің айырмашылығын, түрін біледі;	1
		Дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрін ажыратады	1
Барлығы			7

5-сынып. Қазақ тілі. БЖБ №2

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты: 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру;
5.4.1.1. қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Бағалау критерийі: *Білім алушы*
✓ Мәтін мазмұнына сәйкес көтерілген мәселеге негізделген сұрақтарға жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді;
✓ Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы кездесетін ерекшеліктерді ажыратады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану
Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырма

1. Берілген мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз. «Төрт сөйлем» әдісі бойынша көтерілген мәселеге өз ойыңызды білдіріңіз.

1-мәтін бойынша сұрақтар:

а) *Халқымыз үшін ана тілінің мәні қандай?*

.....

ә) *Халқымыздың рухани қазынасы не?*

.....

2-мәтін бойынша сұрақтар:

а) *Елбасы басқа ұлт өкілдерінің қазақ жеріне, еліне деген сенімін қалай арттырды?*

ә) *Басқа ұлт өкілдерінің тіл үйренуге деген ынта-ықыласы қалай артты?*

«Төрт сөйлем» әдісі

а) *Менің ойымша, ...*

ә) *Себебі*

б) Мысалдар мен дәлел келтіру.....

в) Қорытынды ой

2. Берілген мәтіннен айтылуы мен жазылуында ерекшелігі бар сөздерді анықтаңыздар.

1-мәтін

Қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы - тіл. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-мағына болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің адам өмірінде алар орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Тіл – халықтың жүрегі һәм жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет тана сүтімен кірмейді. Жиырмасыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс соның айғағы. XX ғасырдың ұлы жемісі – Қазақ халқы үшін Егемендіктің көк туы желбіреуі. Мақсатымыз – ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру. Ұлттық мінез, ұлттық намыс, ана тілі жоқ жерде – ұлт та жоқ. Халқымыздың аса бай рухани қазынасы – туған ана тіліміз. Ол – Қазақ тілі. Қазақ тілін құрметтеп, қастерлеу парызымыз болып табылады. (142 сөз)

[\(https://massaget.kz/\)](https://massaget.kz/)

<http://old.aikyn.>

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап беру арқылы ой-пікірін білдіреді.	1	Сұрақтарға жауап береді;	1
		Өз ойын білдіреді;	1
		Себебін айтады;	1
		Дәлел келтіреді;	1
		Ойын қорытындылайды.	1
Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктерді ажыратады.	2	Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін біледі;	1
		Орфографиялық, орфоэпиялық норманы ескереді.	1
Барлығы			7

5-сынып. ТЖБ 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

**Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика. Киіну. Сән. Талғам. Фонетика
Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика**

Тыңдалым мен айтылым

Тапсырма

Руслан Мамытовтың «Жаса, қазағым» әніндегі көтерілген мәселені өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

[10]

Жаса, қазағым!
Жастарының жалыны бар,
Қарттарының қадірі бар,
Жақсылыққа жаны құмар,
Жаса, қазағым!
Тарихының тамыры бар,
Дәстүрінің тәлімі бар,
Сақ пен ғұнның сарыны бар,
Жаса, қазағым!

Қайырмасы:

Жаса, жаса қазақ тілім!
Жаса, жаса ғажап дінім!
Баянды боп, азат күнің,
Бағың таймасын!
Жаса, жаса рухты халқым!
Жаса, жаса құтты салтым!
Айдан асып мықты даңқың,
Жаның жайнасын!

Көсемдері кесім берген,
Керуен тартып, көшін керген,
Төрт түлігі төсінде өрген,
Жаса, қазағым!
Ту көтеріп, тұлпар мінген,
Саят құрып, сұңқарды ілген,
Күй төгіп, ән шырқап жүрген,
Жаса, қазағым!

(83 сөз)

[\(https://text-pesni.com/\)](https://text-pesni.com/)

Оқылым

Тапсырма

Мәтіндермен танысыңыз. Олардың мазмұнын, тақырыбын салыстырыңыз.

[10]

А мәтіні

Қазір қыстың соңғы айы. Барлық дүкендерде қысқы киімдерге көптеген жоғары мөлшерде жеңілдіктер жүріп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла» дегендей, қол боста дүкендерді аралап, қажетті заттарды алуға болады. Мысалы, әлі бір-екі маусым пайдалануға болатын оверсайз пальтоларды, классикалық стильдегі костюмдерді, тоқыма свитерлерді, етік, сөмке, былғары қолғаптарды алып қойсаңыз, келесі қыста сөзсіз қызығын көресіз. Классикалық стильдегі костюмдер ешқашан сәннен түспейді. Сондықтан жеңілдікті пайдаланып, өзіңізге жарасатын бір-екеуін алып қойғаныңыз артық болмас. Сіз үшін тек ең жақсысы!

Мекен-жайымыз: Алматы қаласы, «MEGA» сауда үйі. Жұмыс уақыты: 9:00-17:00

Ә мәтіні

Сәлем, жас дос! «English START» ағылшын тілін қысқа мерзімде кәсіби үйренуге көмектесетін үздік сайт болып табылады. Біз онлайн ағылшын курсы бастағалы отырмыз. Курс тілді бастапқы деңгейден меңгеремін деуші кісілерге арналған.

Ағылшын тілін қысқа мерзімде сапалы үйренемін деушілерге, шет елге оқуға түсемін деушілерге арналған канал. Бұл сайтта ағылшынша сөздер, бейнематериалдар, инфографика, қызықты деректер мен көптеген тақырыптық материалдар жарияланып тұрады. Бейнересурстар ағылшын тілін ойын түрінде жеңіл формада үйретеді. Түрлі тіркестер арқылы жаңа сөздер үйреніп, мәтіндерді оқып жаттығасыз. Бұл – ағылшын тілінде қатесіз жазуды үйрететін және ағылшын грамматикасын терең түсінуге таптырмайтын мүмкіндік.

Байланыс нөмірі: 87472654540

А мәтіні	Ә мәтіні
Тақырыбы	
Қысқаша мазмұны	

Жазылым

Берілген тақырыптардың бірін тандап, жарнама жазыңыз. Жарнаманың жанрлық ерекшелігін сақтаңыз, сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылуын назарда ұстаңыз.

[10]

- 1) Өзіңізді қосымша білім беру орталығының басшысы ретінде елестетіңіз. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйренудің қажеттілігіне баса назар аудара отырып, орталығыңызды жарнамалаңыз.
- 2) Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар сататын дүкен иесі ретінде тұтынушылардың қызығушылығын оятатындай жарнама мәтінін ойластырыңыз.
- 3) Қазақ халқының ұлттық сусыны қымызды насихаттайтын жарнамалық роликке жарнамалық мәтін жазыңыз.

Оқылым

Балл	Мәтінді талдау
9-10	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын өте жақсы түсініп талдайды.
7-8	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын жақсы түсініп талдайды.
5-6	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды.
3-4	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды.
1-2	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын өте шектеулі деңгейде түсінеді.
0	Мәтіннің жалпы мазмұнын, құрылымдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, тілдік құралдарын түсінбейді.

Жазылым

Балл	Сипаттамасы
9-10	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес орынды қолданады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Орфографиялық номаны ұстанады. Қателері жоқ.
7-8	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес қолданады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес қолданауға тырысатыны байқалады. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
3-4	Тақырыптың мазмұнын ашуы шектеулі. Тілдік бірліктер мен лексикалық құрылымдарды жарнаманың жанрлық талаптарына сәйкес келе бермейді. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
1-2	Тақырыптың мазмұнын ашпайды. Жарнаманың жанрлық ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдарды қолданбайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.

Қазақ әдебиеті 5-сынып.

БЖБ №1 «Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімі бойынша

1-тапсырма. «Қобыланды батыр» жырының тақырыбы мен идеясын анықтаңыз. Анықтаған тақырыбыңыз бен идеяңызды «ПОПС» **формуласы** бойынша жазбаша түсіндіріңіз.

• **Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша, «Қобыланды батыр» жырының басты тақырыбы мен идеясы - ...».

• **Екінші сөйлем:** «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ...».

• **Үшінші сөйлем:** «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...».

• **Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...».

2-тапсырма. Жырдан тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының әрқайсысына дәлел табыңыз, мағынасын анықтаңыз.

Бейнелеу құралдары	Жырдан дәлел	Мағынасы
Теңеу		
Эпитет		
Ауыспалы мағынадағы сөз		

--	--	--

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шығарманың басты тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.	1	Сөйлем тақырыбы мен идеясын анықтайды;	1
		себебін анықтайды;	1
		дәлел келтіреді;	1
		қорытынды түйін жасайды.	1
Шығармадан тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын ажыратады.	2	Теңеуді табады;	1
		эпитетті табады;	1
		ауыспалы мағынадағы сөзді табады;	1
		мағыналарын анықтайды.	1
Барлығы			8

«Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімі бойынша №1 жиынтық бағалау тапсырмалары

II нұсқа

1-тапсырма. «Қобыланды батыр» жырына байланысты кестені толтырыңыз.

Тапсырмалар	«Қобыланды батыр» жыры
Тақырыбы	
Идеясы	
Тақырыпқа сай қандай мақал-мәтел немесе нақыл сөз келтіре аласыз?	
Өз көзқарасыңыз. Жырдан қандай тұжырым шығаруға болады?	

2-тапсырма. Жырдан бейнелеу құралын анықтап, мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

Бейнелеу құралы кездесетін тармақтар	Бейнелеу құрал түрі	Мағынасы
Өзімнің еншім болсын деп, Тобылғы торы меңді атты, Енші қылып мінеді.		
Күнде киік аулайды, Кездесе жауын жаулайды, Жылқыда жатып Қобыланды, Екпіні оттай қаулайды.		
Сырты күміс ақ отау Келістіріп түзеген, Арттыруға сайланды.		


Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Шығарманың басты тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.	1	Жырдың тақырыбын анықтайды;	1
		жырдың идеясын анықтайды;	1
		жырдың тақырыбына байланысты мақал-мәтел не нақыл сөз жазады;	1
		өз көзқарасын жазады.	1
Шығармадан тілдік бейнелеу, суреттеу	2	Теңеуді табады;	1
		эпитетті табады;	1

құралдарының мағынасын ажыратады.		ауыспалы мағынадағы сөзді табады;	1
		мағыналарын анықтайды.	1
Барлығы			8

Қазақ әдебиеті 5 сынып БЖБ №2

«Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімі бойынша №2 жиынтық бағалау тапсырмалары

1-тапсырма. Берілген сурет бойынша Асан қайғының портретін сипаттап жазыңыз. Кейіпкер әрекетіне дәлел келтіріңіз. Әрекеті негізінде кейіпкер образын талдаңыз.

	Портреті	Іс-әрекеті	Аңыздағы образы

2-тапсырма. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай бейнесін қазіргі шынайы өмірдегі батыр бейнесімен салыстырыңыз, айырмашылығы мен ұқсастығын сөздер мен сөз тіркестері арқылы жазыңыз.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай бейнесінің ерекшелігін сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері	Ортақ белгілері (ұқсастықтары)	Қазіргі замандағы батыр бейнесінің ерекшелігін сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
-------------------	------------	------

	№	Білім алушы	
Шығармадағы автордың бейнесіне талдау жасайды.	1	Портретін сипаттайды; іс-әрекетіне дәлелдер келтіреді; кейіпкер образын талдайды.	2
Шығарма кейіпкерлерінің әрекетін қазіргі өмірмен салыстыра бағалайды.	2	Жырдағы батырдың әрекеттері және оны сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін	1
		қазіргі замандағы батырлардың ерекшелігін өз сөзімен сипаттайды.	1
		екі замандағы батырларға тән ортақ қасиеттерін табады.	1
Барлығы			9

«Қазақ әдебиеті» пәнінен ТЖБ 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. «Керкұла атты Кендебай» ертегінің қай түріне жатады?
 А. Қиял-ғажайып ертегісі
 В. Тұрмыс-салт
 С. Хайуанаттар ертегісі
 Д. Шыншыл ертегі
 [1]
2. Кендебай аралдағы хан еліне кім болып барады?
 А. Қонақ
 В. Қойшы
 С. Сиыршы
 Д. Хан
 [1]
3. «Қобыланды батыр» жырының негізгі тақырыбы
 А. Адамгершілікті дәріптеу
 В. Достықты дәріптеу
 С. Ел тәуелсіздігін қорғау
 Д. Көркемдікті насихаттау
 [1]
4. « - Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны - өтірік. Бұларға көрінбей мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды...» деген үзінді ертегінің қай бөлігі екенін анықтаңыз.
 А. Баланың ата-анасымен қауышуы.
 В. Кендебайдың биені күзетуі.
 С. Кендебайдың аралға баруы.
 Д. Кендебайдың хан бұйрығын орындауы.
 [1]
5. Қобыланды Көктім Аймақтың қандай шартын орындайды?
 А. Көктім Аймақпен күреседі.
 В. Қызыл ермен күреседі.
 С. Қызыл Ерді өлтіреді.
 Д. Теңгені атып түсіреді.
 [1]
6. Аңыз дегеніміз не? Оның түрлерін ата.

_____ [2]
7. Қобыланды батыр образы арқылы қандай қорытынды шығаруға болады? Ойыңызды 3-4 сөйлеммен дәлелдеп жазыңыз.

_____ [2]

8. Кендебай батырдың бойынан қандай ерекшеліктерді көре алдыңыз? Өз көзқарасыңызды 3-4 сөйлеммен білдіріңіз.

_____ [2]

9. Асан қайғы неге еліне шұрайлы қоныс іздеген? Ойыңызды 3-4 сөйлеммен жеткізіңіз.

_____ [2]

10. *«Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті...»* деген үзіндідегі ертегіге тән сипаттарды анықтаңыз. Өз тұжырымыңызды 3-4 сөйлеммен түйіндеңіз.

_____ [2]

11. *«Әркімнің өз туған жері – өзінің Жерұйығы»* тақырыбынды өз көзқарасыңызды дәлелдеп, жазба жұмысын жазыңыз. (60-70 сөз) [5]

	Жазба жұмысын жазады.	1
Жалпы балл		20

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті Т2 (оқыту тілі қазақ тілінде емес)

5-сынып БЖБ №1

Бөлім: «Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер»,

«Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала»

Сөйлеу әрекетінің Түрлері	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	5.2.1.1 – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;
	5.3.3.1 – сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру;
Бағалау критерийі	• Мәтінді түсінеді, негізгі ақпараттарды анықтайды • Сюжетті суреттердің көмегімен әңгіме құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану. Талдау.
Орындалу уақыты	20 мин

1-тапсырма

Оқылым

Мәтінді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Мектеп – білім ордасы. Менің мектебім – қаланың ортасында орналасқан. Мектеп төрт қабатты. Ауласы – кең және биік жасыл ағаштармен қоршалған. Біз мектепте білім алып, жаңаны үйренеміз. Мектептің құрылысына отыз жылдың шамасы болған екен. Ол туралы қазақ тілі мұғалімі өз сабағында айтып берді.

Мектептің бірінші қабаты – есік алдындағы турникеттермен басталып, асхана, дәрігер бөлмесімен жалғасады. Бірінші қабатта – бақ бар. Маған ерекше ұнайтыны, сол бақтың ауасы. Екінші қабатта мұғалімдер бөлмесі және бастауыш сыныпқа арналған кабинеттер бар. Менің кабинетім үшінші қабатта орналасқан.

Бұл – қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті. Менің сыныбым – жарық, кең, таза. Қабырғаның ашық түсі көңілді көтереді.

Үшінші, төртінші қабатта – жоғары сынып оқушылары білім алады. Әр пәнге арналған кабинеттер және жаңа технологиялармен жабдықталған құрылғылар біздің сапалы білім алуымызға септігін тигізіп келеді.

- **«Аяқталмаған сөйлем».** Берілген сөйлемдерді аяқтаңыз.

Бірінші қабатта -	
Екінші қабатта -	
Үшінші қабатта -	

- **Мәтін бойынша дұрыс, бұрыс ақпаратты белгілеңіз. [+], [-]**

	<i>«Дұрыс»</i>	<i>«Бұрыс»</i>
Менің мектебім – қаланың сыртында орналасқан.		
Бірінші қабатта – бақ бар. Маған ерекше ұнайтыны, сол бақтың ауасы.		
Үшінші, төртінші қабатта – бастауыш сынып оқушылары білім алады.		
Менің сыныбым – жарық, кең, таза. Қабырғаның ашық түсі көңілді көтереді.		

2-тапсырма. Төмендегі суреттің желісі бойынша әңгіме құрастырыңыз. (5-6 сөйлем)



Бағалау критерийі	Тапсырма а №	Дескриптор	Балл
Мәтінді түсінеді, негізгі ақпараттарды анықтайды	1	Білім алушы	
		✓ мәтінді түсініп оқиды;	1
		✓ сөйлемді аяқтайды:	
		1-сөйлем	1
		2-сөйлем	1
		3-сөйлем	1
		Мәтіндегі дұрыс, бұрыс ақпаратты белгілейді;	1
Сюжетті суреттердің көмегімен әңгіме құрастырады	2	✓ суреттің сюжетін сақтайды;	1
		✓ әңгіме мазмұнын дұрыс құрастырады.	1
		✓ сауатты жазады.	1
Барлық балл			8

БЖБ №2 5 сынып I - тоқсан

№ 2 «Мектеп өмірі. Әдепті бала - арлы бала» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты 5.1.4.1.. Шағын көлемді көркемәдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау
5.4.4.1.. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтін тақырыбын анықтап, кейіпкерлер мен олардың әрекетін сәйкестендіреді
- Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты тірек сөздерді анықтайды
- Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі Түсіну Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма

Тыңдалым. Мәтінді түсініп оқып, мәтінге сай ат қойыңыз.

1 балл

Бермесеңіз, қойыңыз — дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай тана қайнамайды. Жантас біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсыңдағыш, өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабақ үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес. Соңымнан ілесе шықты Майқанова:

- Қадыров! Бері кел.

Мен бұрылып та қарамадым.

- Қадыров!

Есіктен жүгіріп шығып кеттім.

Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр. Зығырданым одан қайнап кетті.

- Немене, жолдама алдың ба? — деп сиқырланып, жолымды тосқауылдай қалыпты.

- Алдым, — дедім.

- Кәне, көрсетші?

Сарт еткізіп танаудан тағы бірді шерттім.

- Міне.

2-тапсырма

Жазылым

Мәтіндегі кейіпкерлер мен олардың әрекетін салыстырыңыз.

Жантас

Қожа

1 балл

3-тапсырма. Мәтіндегі нақты ақпараттарға қатысты 4 сөз тіркес жазыңыз.

4 балл

4-тапсырма

АЙТЫЛЫМ

Жұбыңызбен берілген тақырыптың бірін тандап, сұрақтар қоя отырып, диалогке қатысыңыз (әр жұпқа 2 минут беріледі).

- 1.Менің мектебім
- 2.Менің сыныптастарым
- 3.Бос уақытым
4. Мектеп өмірі
5. Сүйікті пәндерім

3 балл			
Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтін тақырыбын анықтап, кейіпкерлер мен олардың әрекетін сәйкестендіреді	1	мәтінге ат қояды;	1
	2	кейіпкерлер мен олардың әрекетін салыстырады;	1

Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты тірек сөздерді анықтайды	3	мәтіндегі негізгі ақпараттарға қатысты төрт сөз немесе сөз тіркестерін анықтайды: 1- сөз тіркес 2-сөз тіркес 3-сөз тіркес 4- сөз тіркес	1 1 1 1
Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді	4	тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды; сұрақтарға лайықты жауап береді; шағын диалогке қатысады.	1 1 1
Барлығы			9

ТЖБ 5-сынып Т2

1- ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Ұзақтығы – 40

Тыңдалым – 8 минут

Оқылым – 12 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс уақытта бағаланады (әр білім алушыға 2 минут беріледі)

Балл саны – 30

Тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Көп таңдауы бар сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компоненті – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компоненті – айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырмалар	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.	Тапсырма жеке орындалады. Білім алушылар 115 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты тыңдалым көркем әдеби мәтінін 2 рет тыңдайды. (аудио құралдар болмаған жағдайда мұғалім мәтінді өзі 2 рет оқып береді). Білім алушылар мәтінді тыңдау барысында әдеби мәтіннің мазмұнына негізделген бірінші, екінші тапсырмаларда төрт нұсқаның ішінен дұрыс жауабын белгілейді. Үшінші тапсырмада берілген сұраққа бір сөйлеммен жауап жазады. Төртінші тапсырмада білім алушы мәтіндегі ақпараттарды сәйкестендіреді. Бесінші тапсырмада сөздерді жұптастырып, мәтін мазмұны бойынша сөз тіркесін құрайды. Мұғалім білім алушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды.	Көп таңдауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	8 минут	5

6-10	5.3.3.1 Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау.	Тапсырма жеке орындалады. Білім алушылар тақырыпқа қатысты 133 сөзден тұратын көркем әдеби мәтінді оқиды. Бірінші тапсырмада мәтінге тақырып қояды, екінші тапсырмада берілген бір сөздің синонимін мәтіннен тауып жазады. Мәтін мазмұны бойынша берілген 2 сұрақтың әрқайсысына жауап жазады. Мәтін бойынша оқиғалардың ретін көрсетеді. Мұғалім білім алушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды.	Көп таңдауы бар және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	12 минут	5
11	5.4.1.1 Ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу; 5.5.2.1 Жазба жұмыстарында хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.	Тапсырма жеке орындалады. Білім алушылар өзі аралаған хайуанаттар бағын сипаттап, басқа қалада тұратын досына 60-70 сөзден тұратын хат жазады. Хат мазмұнында сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін қолданып, тыныс белгілерін дұрыс қояды. Жазылым жұмысында хат жазудың стилін сақтауы және сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай тыныс белгілерінің дұрыс қойылуы бағаланады.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20 минут	10

12	5.2.5.1 Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.	Тапсырма жұпта орындалады. Екі білім алушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздарды білім алушы өзі таңдайды). Жұптағы білім алушылар берілген тақырып бойынша 2 минут диалогке түседі (әр білім алушы диалогте 4-6 сөйлем айту керек). Мұғалім білім алушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі. (Әр білім алушыға 2 минуттан беріледі)	10
Барлығы				40 минут	30

Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды.

Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Оған ержетіп, отбасының қамқоршысы болады деп сенім артады. Есейген бала ата-анаға қамқоршы болуға жараса – жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күші қайтады. Бірақ олардың ақылы, көпті көрген тәжірибесі отбасына үлкен көмегін тигізеді. Әрбір қиын істің шешімін, ең алдымен, ата-ана табады. Ол үшін ата-анамен ақылдасып, олардың пікірін тыңдап отырған орынды.

Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың ісінен үйреніп қана қоймай, олардың тәрбиесін бойғасіңіребілу – әр баланың парызы.

(115 сөз)

<https://tolqyn.kz/zanalyk/ruhaniyt/858-lkend-syylau-haynda.html>

1. Мәтіннің негізгі ойын анықтаңыз.

- A. Кішіге қамқор болу
- B. Қызды құрметтеу
- C. Отан сүйу
- D. Үлкенді сыйлау

[1]

2. Мәтін мазмұнына сай мақалды анықтаңыз.

- A. Ата-анаға не істесең, алдыға сол келер.
- B. Еңбек түбі – зейнет.
- C. Жеті атасын білмеген жетесіз.
- D. Ұлыдан өсиет, жақсыдан қасиет.

[1]

3. Сұраққа толық жауап жазыңыз. *Үлкенді сыйлау неден басталады?*

[1]

4. Бағдарсыздық арқылы мәтіндегі ақпараттарды мағынасымен сәйкестендіріңіз (әр сұраққа бір жауапты белгілеңіз).

1. үлкенге құрмет		A. ата-ана тәрбиесін бойына сіңіру
2. баланың парызы		B. сыйлау, қамқорлық көрсету, бағу

[1]

5. Берілген сөздерді жұптастырыңыз.

1. қазақ	а. қамқоршысы	1-
2. баланың	ә. халқы	2-
3. үлкен	б. көмек	3-
4. отбасының	в. парызы	4-

[1]

Оқылым. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Бір құмырсқа өз илеуінен бөлініп, ара-қоңызбен дос болыпты. Жем іздей шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, қозғалта

алмапты. Енді көмек сұрау үшін достарын іздейді. Гүл жинап жүрген араға жолығып:

- Досым, маған көмектесіп жібер, - деп өтініпті.

- Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, - депті ара.

Енді құмырсқа қоңыздан көмек сұрапты.

- Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын! – деп кете барады қоңыз.

Екі досынан күдер үзген құмырсқа мұңайып келе жатып, өзінің ұялас достарымен ұшырасыпты. Олар мұның түрін көріп:

- Не істеп жүрсің? – депті.

Құмырсқа өз басынан кешкенін айтады. Достары көмектеседі де, дәнді бірігіп көтеріп алып кетеді. Солай құмырсқа қайта үйіріне қосылады.

«Жаң достың қадірі ескі достай бола алмас» деген сөз содан қалған екен.

Міне, мына ескі достарың да қашанда сенің қуанышыңа ортақ.

(133 сөз)

<https://bilim-all.kz/article/1910-Qumyrsqa>

1. Мәтін мазмұнына сай тақырып қойыңыз.

[1]

2. Берілген сөздің синонимін мәтіннен тауып жазыңыз.

жолдас

[1]

3. Берілген сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап жазыңыз.

1. Құмырсқаға кім көмектесті?

[1]

2. Мәтінге тірек болатын 4 сөзді жазыңыз.

[1]

4. Мәтін бойынша оқиғалардың ретін ажыратыңыз.

I. Ұялас достары оған көмектесті.

II. Құмырсқа дән тауып алды.

III. Қоңыздан көмек сұрады.

A. II, I, III

B. III, II, I

C. II, III, I

[1]

Балл қою кестесі

Тыңдалым, айтылым

Дағды	Жауап	Балл	Жалпы балл
Тыңдалым	1. B	1	5 балл
	2. A	1	
	Әке мен шешені сыйлаудан басталады.	1	
	1. Б 2. A	1	
	1-Ә 2-B 3-Б 4-A	1	

4	Жақсы Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді. Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс.	Жақсы Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады. Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді.
3	Қанағаттанарлық Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа.	Қанағаттанарлық Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді. Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді.
2	Төмен Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен.	Төмен Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергі келтіреді.
1	Өте төмен Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес. Ойын жеткізе алмаған. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі.	Өте төмен Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп, ойды түсіну өте қиын.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
5	Өте жақсы Тақырыпты және сұрақты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді.	Өте жақсы Лексикалық минимумы мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Арасында елеусіз қателер жібергенімен, ойды түсінуге кедергі келтірмейді.
4	Жақсы Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді.	Жақсы Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасында қателер жібереді.
3	Қанағаттанарлық Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді.	Қанағаттанарлық Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасында қателер жібереді.
2	Төмен	Төмен

	Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.	Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда елеусіз қателер жібереді.
1	Өте төмен Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға жауап беруде қолдауды қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел ауытқулар кездеседі.	Өте төмен Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді.